

**Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі
орталық аппаратының құрылымы туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1995 жылғы 19 желтоқсан N 1784.
Күші жойылды - ҚРҰ-нің 1996.12.27. N 1659 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы қосымшаға сәйкес, орталық аппарат қызметкерлерінің шекті саны негізінде 67 адам болып бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігіне министрдің 2 орынбасарын, соның ішінде біреуі бірінші орынбасары, саны 9 адам алқа ұстауға рұқсат берілсін. <*>

ЕСКЕРТУ. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің 1996.03.21.

N 339 қаулысымен.

3. Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігінің орталық аппараты үшін қызметтік 3 жеңіл автомобиль лимиті белгіленсін.

4. "Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау министрлігі орталық аппаратының құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 9 қарашадағы N 1241 қаулысының күші жойылған деп саналсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1995 жылғы
19 желтоқсандағы
N 1784 қаулысына
Қосымша

Қазақстан Республикасы Геология және жер қойнауын қорғау
министрлігі орталық аппаратының
ҚҰРЫЛЫМЫ

Басшылық

Мұнай және газ жөнінде жер қойнауын геологиялық зерттеуді және игеруді талдау мен болжау басқармасы

Қатты пайдалы қазбалар жөнінде жер қойнауын геологиялық зерттеуді және игеруді талдау мен болжау басқармасы

Қаржыландыру-экономика басқармасы

Жер қойнауын қорғау басқармасы

Гидрогеология бөлімі

Нормативтік-құқықтық сектор

Бірінші бөлім

Кадр бөлімі